

Директордың
« 2 » 09 20 19 жылғы
№ 18/2 бұйрығымен бекітілді.

**"Радиотехника және байланыс колледжі" КМҚК-ының
2019-2020 оқу жылына арналған сапа саласындағы мақсаттары**

1. 2019 жылдың 1 қыркүйегінен бастап колледждің "Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау бойынша әлемдік үрдістер ортасына бойлау құралы ретінде WorldSkills стандарттарын енгізу арқылы еңбек нарығының талаптарына сәйкес оқу-өндірістік үдерістің мазмұнын жаңғырту" атты жаңа проблемалық-ізденіс тақырыбының 2019-2020 оқу жылына арналған 1 - ші кезеңі бойынша жұмысты бастау.
2. 0502000 "Телекоммуникациялық жабдықтар мен тұрмыстық техникаға қызмет көрсету және жөндеу (салалар бойынша)" мамандығы үшін "Электроника" құзыреті бойынша WorldSkills стандарттарын өндірістік оқытуға енгізу;
3. "Ақпараттық кабельдік желілер" құзыреті бойынша WorldSkills стандарттарын «Соңғы құрылғыларды монтаждау» пәнінің оқу практикасына енгізу;
4. "Жас маман" жобасын іске асыруға сәйкес республикалық және халықаралық деңгейде сұранысқа ие мамандарды даярлау үшін қазіргі заманға сай қажетті жабдықтармен жабдықтау.
5. 2016-2022 жылдарға арналған колледждің стратегиялық даму жоспарын іске асыру бойынша жұмысты жалғастыру.
6. Қолданыстағы сапа менеджментінің ішкі жүйесін сертификаттау (2020-жылдың наурызына дейін).
7. Жаңартылған сайттың бейімдеу технологиясы мен жаңа дизайнын жетілдіру - желтоқсан 2019 жыл;
8. "А" оқу ғимараты мен (Абай көшесі 76) және "Б" оқу ғимараты (Челюскинцев көшесі 46) арасында қорғалған жергілікті желіні құру);
9. Колледждің ИПҚ-сының әдістемелік және баспа қызметін арттыру – 30 адам.
10. Колледждің ИПҚ-сының біліктілік санатын көтеру: жоғары – 8 адамға дейін, екінші санатқа дейін - 2 адам, жоғары санатты растау – 1 адам.
11. Оқу процесін МТБ-мен жабдықтаудың 5 жылға арналған ұзақ мерзімді жоспарын әзірлеу.
12. Аудиторияларды заманауи мультимедиялық техникамен жабдықтау, бұл көрсеткішті 19 аудиторияға дейін жеткізу.
13. "Желілік және жүйелік басқару", "Интернет заттар", "Ақпараттық кабельдік желілер" және "Электроника" құзыреттері бойынша "World Skills" ұлттық кәсіби шеберлік чемпионатына қатысу үшін 4 студент дайындау.
14. "Радиоэлектроника және байланыс", "Есептеу техникасы және бағдарламамен қамтамасыз ету", "Медициналық техниканы монтаждау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу", сондай-ақ "Теле; -аудио; -видеожабдықтарға қызмет көрсету және жөндеу" мамандықтары бойынша арнайы оқу әдебиетінің санын 1010 бірлікке дейін көбейту.
15. Жаңартылған оқыту жүйесі бойынша жалпы білім беру пәндерінің оқулықтарын сатып алу.
16. ISBN берілетін оқытушылардың санын 3 адамға көбейту.
17. Оқытушылардың республикалық және халықаралық басылымдардағы жарияланымдарының санын 13 жарияланымға арттыру.
18. Қажеттіліктерге сәйкес колледжді жабдықтау және шаруашылық қызмет көрсетуді 100% ұйымдастыру.

19. Колледжге оқуға түсетін талапкерлердің санын тарту мақсатында кәсіптік бағдар беру жұмысын жалғастыру.
20. IT-саласына арналған мамандарды шығаратын өңірдің негізгі оқу орны ретінде колледж имиджін нығайту.
21. Сапа менеджментінің ішкі жүйесінің нәтижелілігін үнемі жақсарту арқылы тұтынушылардың және басқа да мүдделі тараптардың қанағаттануын үздіксіз арттыру.
22. Әлеуметтік серіктестермен бірлесіп жұмыс істеуді одан әрі кеңейту, оларды жоғары білікті мамандарды даярлауға негізгі тапсырыс беруші ретінде тарту.
23. Колледжде қауіпсіз ортаны және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды уақытында өткізу.

Колледж директоры:



О.И.Сартаев